



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2020 жылғы 1 қазандағы № ДЗ-150

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Ақ жол» ҚДП фракциясының кредиттер бойынша барлық пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеу және енгізу мәселелері жөніндегі депутаттық сауалын қарап, мынаны хабарлайды.

Қаржылық реттеушілердің ақпаратына сәйкес кредиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуіне қорландыру құны, кредиттік тәуекелдер, операциялық шығыстар сияқты факторлар әсер етеді. Берілген мәселе бойынша толық ақпарат сіздердің мекенжайларыңызға Ұлттық Банкпен (2020 ж.23.10. № 07-0-11/94 хат) және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (2020 ж.30.10. № 06-2-03/1454 хат) жіберілді.

Үкіметпен банктік кредиттеудің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың үш негізгі бағдарламасы іске асырылуда.

Бизнесті жылдық 6%-бен ұзақ мерзімді кредиттеуді ұлғайту, экономиканы әртараптандыру және жаңа импорт алмастыратын өндірістерді қаржыландыру үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы іске асырылуда, оның жалпы көлемі 600 млрд теңгеден 1 трлн. теңгеге дейін ұлғайтылды.

Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде дара кәсіпкерлерге қолдау көрсету үшін а.ж. басынан бастап Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы кредиттер бойынша жылдық 8%-дан аспайтын мөлшерлемені іске қосылды. Бағдарлама бюджеті 600 млрд теңгеден 800 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды, ірі бизнес субъектілері қосылды.

Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасының талаптары кеңейтілді, ол кәсіпкерлерге 6%-бен жаңа қарыз алуға және қолданыстағы қарыздарды қайта қаржыландыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама шеңберінде кредиттер мөлшері 2,5 млрд теңгеден 7 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды, бағдарламаға қатысу үшін салалық шектеулер алып тасталды, кредит сомасынан 85%-ға дейін кепілдік беру лимиті ұлғайтылды.

Мемлекет басшысының кәсіпкерлік субъектілерінің банктер алдындағы борыштық міндеттемелерін төмендету бойынша тапсырмасын орындау шеңберінде экономиканың зардап шеккен салаларында салық жеңілдіктері көзделген, ШОК субъектілерінің қолданыстағы кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін субсидиялау тетігі қабылданды (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 679 қаулысы*).

Аталған бағдарламаларды ескере отырып қарыз алушы болып табылатын шамамен 50% кәсіпкердің жылдық 6%-8% мөлшерлеменен кредиттері бар.

Ипотекалық кредиттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы ипотекалық қарыздар бойынша 7% сыйақы мөлшерлемесімен, сондай-ақ «Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі» АҚ-тың бірқатар бағдарламасы 3,5%-5% мөлшерлемелерімен іске асырылуда.

Нәтижесінде бүгінгі күні ипотекалық қарыздардың 80%-ға жуығын жылдық 7%-дан төмен жеңілдікті мөлшерлеменен кредиттер құрайды.

«7-20-25» жаңа ипотекалық бағдарламасын ескере отырып, 2018 жылы енгізілген банктік қарыздар бойынша берешекті соттан тыс өндіріп алудың жаңа тетігін іс жүзінде қолдану тиімділігін бағалаудан кейін жеке тұлғалардың банкроттығы институтын енгізу жөніндегі Үкіметтің ұсынысы **Мемлекет басшысымен мақұлданды**, осыған орай «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем жасау қабілетін қалпына келтіру туралы» Заң жобасы бойынша жұмыс 2023 жылға дейін тоқтатыла тұрды.

Қазіргі уақытта банктік қарыздар бойынша проблемалық берешекті реттеу үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен қарыз алушы жеке тұлғалардың берешегін сотқа дейінгі қайта құрылымдау және оңалту бойынша заңнамалық түзетулер әзірленді. Ұсынылып отырған нормалар мерзімі өткен берешекті қайта құрылымдау тетігін қолдануды ескере отырып, тұтынушылық кредиттер бойынша 90 күннен астам төлеу мерзімі өткен **500 мыңға** жуық қарыз алушының мерзімі өткен берешегінің өсуін шектеуге мүмкіндік береді.

Мерзімі өткен кредиттері бар азаматтарды оңалту рәсімдерін қолданбай банкроттық тетігін енгізу теріс кредиттік тарихқа әкелетінін және олардың ұзақ уақыт бойы қаржылық қызметтер алуына қолжетімділігін шектейтінін атап өткен маңызды. Осыған орай, Заң жобасын қабылдау қосымша қарау мен талқылауды талап етеді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДЗ-150 от 1 октября 2020 года

Уважаемые депутаты!

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос фракции ДПК «Ак жол» Мажилиса Парламента Республики Казахстан по вопросам снижения процентных ставок по кредитам, разработки и внесения законопроекта о банкротстве физических лиц, сообщает следующее.

По информации финансовых регуляторов на снижение ставок по кредитам влияют такие факторы, как стоимость фондирования, кредитные риски, операционные расходы. Подробная информация по данному вопросу направлена в ваш адрес Национальным Банком (*письмо от 23.10.2020 г. № 07-0-11/94*) и Агентством по регулированию и развитию финансового рынка (*письмо от 30.10.2020 г. № 06-2-03/1454*).

Правительством для обеспечения доступности банковского кредитования бизнеса реализуются три основные программы финансовой поддержки предпринимательства.

Для увеличения долгосрочного кредитования бизнеса под 6% годовых, диверсификации экономики и финансирования новых импортозамещающих производств реализуется Программа «Экономика простых вещей», общий объем которой увеличен с 600 млрд. до 1 трлн. тенге.

Для поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства, в т.ч. индивидуальных предпринимателей, пострадавших в результате введения чрезвычайного положения, запущена Программа льготного кредитования субъектов малого и среднего предпринимательства со ставкой по кредитам не более 8% годовых. Бюджет программы увеличен с 600 млрд. до 800 млрд. тенге, включены субъекты крупного бизнеса.

С целью поддержки малого и среднего бизнеса расширены условия Программы «Дорожная карта бизнеса-2025», позволяющие предпринимателям получить новый заем под 6% и рефинансировать действующие займы. В рамках программы увеличен размер кредитов с 2,5 млрд. тенге до 7 млрд. тенге, исключены отраслевые ограничения для участия в программе, увеличен лимит гарантирования до 85% от суммы кредита.

В рамках исполнения поручения Главы государства по снижению долговых обязательств субъектов предпринимательства перед банками принят механизм субсидирования процентных ставок до 6% годовых по действующим кредитам субъектов МСП в пострадавших отраслях экономики, для которых были предусмотрены налоговые льготы (*постановление Правительства Республики Казахстан от 20 октября 2020 года № 679*).

С учетом указанных программ порядка 50% предпринимателей, являющихся заемщиками, имеют кредиты со ставками 6%-8% годовых.

Для обеспечения доступности ипотечных кредитов реализуется программа ипотечного жилищного кредитования «7-20-25» со ставкой вознаграждения по ипотечным займам 7%, а также ряд программ АО «Жилстройсбербанк» со ставками 3,5%-5%.

В результате на сегодня около 80% ипотечных займов составляют кредиты с льготными ставками ниже 7% годовых.

Предложение Правительства о внедрении института банкротства физических лиц после оценки эффективности практического применения нового механизма внесудебного взыскания задолженности по банковским займам, введенного в 2018 году, с учетом новой ипотечной программы «7-20-25» **одобрено Главой государства**, в связи с чем, работа по проекту Закона «О восстановлении платежеспособности граждан Республики Казахстан» приостановлена до 2023 года.

В то же время, Агентством по регулированию и развитию финансового рынка для урегулирования проблемной задолженности по банковским займам разработаны законодательные поправки по досудебной реструктуризации и реабилитации задолженности заемщиков-физических лиц. Предлагаемые нормы позволят ограничить рост просроченной задолженности у порядка 500 тыс. заемщиков, имеющих просрочку платежей свыше 90 дней по потребительским кредитам, с учетом применения механизма реструктуризации просроченной задолженности.

Важно отметить, что введение механизма банкротства без применения процедур реабилитации граждан, имеющих просроченные кредиты, приведет к негативной кредитной истории и ограничит их доступ к получению финансовых услуг в течение длительного периода времени. В этой связи принятие законопроекта требует дополнительного рассмотрения и обсуждения.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин